

Аудан әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 46 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес Тайынша ауданының әкімі **ШЕШТІ**:

1. Аудан әкімінің шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2016 жылғы 2 сәуірдегі N 21 шешімі (Әділет органдарында НҚА мемлекеттік тіркеу нөмірі 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 3678, 2016 жылғы 05 сәуірдегі № 16 "Тайынша таңы", 2016 жылғы 05 сәуірдегі № 14 " Тайыншинские Вести" аудандық газеттерінде жарияланған);

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2016 жылғы 31 наурыздағы N 18 шешімі (Әділет органдарында НҚА мемлекеттік тіркеу нөмірі департаментінде 2016 жылғы 4 сәуірдегі 3677, 2016 жылғы 05 сәуірдегі № 16 "Тайынша таңы", 2016 жылғы 05 сәуірдегі № 14 "Тайыншинские Вести" аудандық газеттерінде жарияланған)

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Иманслям